

# Microsoft Access. Деректер базаларын өндеу жүйесі



# *Мәліметтер базасын басқару*

## *жүйелері (МББЖ)*

**Access** программасы – бұл  
*мәліметтер базасын басқару жүйесі*  
(BD-СУБД - МББЖ).

*Басқару жүйесі* дегеніміз - көлемді мәліметтер жиынын тұтынушыларға ынғайлы түрде бейнелеп, белгілі бір форматта сактап қана қоймай, оны ары қарай өндеуге арналған программалар кешені.



Access жиі қайталанып отыратын операцияларды автоматтандыруға мүмкіндік береді (мыс., жалақы есептеу, құнды материалдарды есепке алып отыру, т.с.с.).

Access көмегімен мәліметтерді енгізу мен оларды көруге арналған ыңғайлы форматтар жасауға және оларды қағазға басып шығаратын күрделі басылымдар (отчеты) құрастыруға да болады.



Access Windows ортасында жұмыс істейтін программа болғандықтан (екеуінде Microsoft фирмасы жасаған), олар бірбірімен өте үйлесімді түрде жұмыс істей алады. Access программасы Windows басқаруымен істейтін МББЖ болғандықтан, мұнда да басқа програмалардан (және керісінше) буфер арқылы кез келген мәліметті қызып алуға, көшірге және кірістіріп қоюға болады.



Access – бұл реляциялық МББЖ, яғни мұнда бір мезетте бірнеше мәліметтер базасының кестелерімен қатар жұмыс істей беруге болады. Реляциялық МББЖ мәліметтер құрылымын қарапайым етіп құрастырып, жұмыс істеуді жөнілдетуге мүмкіндік береді.

Access кестесін басқа компьютердегі немесе сервердегі мәліметтермен байланыстыруға және де мұнда Paradox немесе Dbase МББЖ-ларында жасалған мәліметтерді пайдалана беруге болады. Access мәліметтері Excel кестелерімен де оңай әрекеттесе алады.



\* Access МББЖ-сында көптеген қосымша сервистік мүмкіндіктер бар.

*Шебер (Мастер - Wizard)* – белгілі бір есепті шығаруға немесе бекітілген типтегі объектіні жасауға арналған арнайы программа.

*Формулар*, мыс., Access ортасына енгізілген мәліметтің дұрыс мәнді екендігін тексеру үшін пайдаланылатын формулалар.



- *Макростар* программалаусыз-ақ көптеген іс-әрекеттерді автоматтандыруға арналған мүмкіндіктер жиыны;
- Access ортасына енгізілген **VBA (Visual Basic for Applications)** тілі - Microsoft Office ортасында қолану үшін арнайы жасалған Basic тілінің бір нұсқасы – тәжірибелі маманға мәліметтер өндеудің күрделі процедураларын программалауға мүмкіндік береді. Формалар мен басылымдарды (отчет) қарап отырып, олардың ақырғы қағазға түсетін нәтижелік нұсқасының қандай болатынын білуге болады.



# Мәліметтер базасы (МБ) -

информациялық жүйенің өнделетін объектісі, қоршаған ортаның белгілі бір саласының немесе бір пән аймағының нақты объектілері жайлы берілген мәліметтер жиыны.

Екі өлшемді кестелерден тұратын мәліметтер базасы реляциялық база болып саналады.



\*

Әрбір кесте бекітілген бағаналар санынан және бірнеше (айнымалы) жолдар санынан тұрады.

Макет – алдын ала жасалған бағаналар сипаттамасы (ені, мәлімет типі, келісім бойынша мәні, т.с.с.).